

Жер құқық қатынастарын реттеу салалары бойынша Алматы қаласының мемлекеттік уәкілетті органдарының қызметі жайлы кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 12 сәуірдегі N 2/211 қаулысы. Алматы қалалық Әділет департаментінде 2005 жылғы 20 мамырда N 658 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 22 қаңтардағы N 1/56 қаулысымен

Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне сәйкес, Алматы қаласының Әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласының Жер комиссиясын құрсын.

2. Қосымшаларды бекітсін:

1) Алматы қаласының Жер комиссиясы туралы Ережесін;

2) Комиссия құрамы;

3) Алматы қаласының Жер комиссиясы қорытындысы үлгісін.

3. Алматы қаласы Әкімдігінің "Алматы қаласының қала құрылысы комиссиясы туралы" 2003 жылғы 17 сәуірдегі №N 1/228 қаулысының күші жойылды деп табылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

Алматы қаласының Әкімі

Әкімдік хатшысы

1 қ о с ы м ш а

А л м а т ы қ а л а с ы

ә к і м д і г і н і н

2 0 0 5 ж ы л ғ ы

" 1 2 "

с ә у і р д е г і

N 2/211 қаулысымен бекітілді

Алматы қаласының Жер комиссиясы туралы

ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласының Жер комиссиясы (одан әрі мәтін бойынша "Комиссия") жер учаскелерге құқық беру, жер учаскелерді сату немесе жер учаскелеріне жалдау құқығын беру және Алматы қаласында мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерді алу жөніндегі Қазақстан Республикасының Жер кодексінің ережелерін орындауда (орындау мақсатында) құрылды.

2. Комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдылықтарын және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Комиссия құрамы

3. Комиссия Алматы қаласы әкімдігі қаулысымен Алматы қаласы Мәслихатының депутаттарынан, қала әкімдігінің өкілінен (өкілдерінен), Алматы қаласының жер қатынастары басқармасынан, Алматы қаласының Сәулет және қала құрылысы Департаменті және басқа тұлғалардан құрылады.

Комиссия құрамына Комиссия төрағасы, оның орынбасары, Комиссия мүшелері кіреді.

Комиссияның төрағасы Алматы қаласы Әкімдігінің бірінші орынбасары болады.

4. Комиссия мүшелерінің саны тақ сан болады және жеті адамнан кем емес. Комиссияның хатшысы комиссия мүшесі бола алмайды және комиссия шешім қабылдаған кезде, дауыс беру құқығы жоқ.

5. Комиссия отырысы жетісіне бір рет шақырылады.

6. Комиссия шешімі ашық дауыспен, көпшілік дауыстың берілуіне қарай қабылданады, ал бірдей дауыс берілген жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Егер дауыс беруге комиссия мүшелерінің жалпы санының жартысынан көбі қатысқан жағдайда, комиссия шешімі құқылы деп есептеледі.

7. Комиссияның кезекті отырысының күн тәртібін құру, комиссия мүшелерін шақыру, комиссия қорытындысы жобасын дайындау және басқа да шаралармен Алматы қаласының Жер қатынастары басқармасы қамтамасыз етеді.

3. Комиссияның міндеті және құқығы

8. Комиссия міндеті:

1) мемлекеттік қажеттіліктер үшін жер учаскелерді алуға, жер учаскелеріне жалдау құқығын беру және жер учаскелерді сату, жер учаскелеріне құқық беру арыздарын қарайды;

2) арызын қанағаттандырған қорытындысын береді немесе себепті жағдайлармен бере алмайтындығын хабарлайды;

3) Алматы қаласы Мәслихатымен бекітілген тізімге сәйкес, сауда-саттыққа қойылған жер учаскелердің жалдау құқығын немесе нақты жер учаскелерді анықтайды.

Комиссия құқығы:

1) жер учаскелерді сату және алу, беру мәселелері бойынша қажетті ақпараттарды азаматтардан және қызметтік тұлғалардан, мемлекеттік органдардан және басқа да мекемелерден сұрауға және алуға;

2) жер учаскелерді сату және алу, беру туралы ұсыныстарды Алматы қаласы Әкімдігіне қарау үшін енгізуге.

4. Комиссия төрағасының өкілеттігі

9. Комиссия төрағасы:

1) комиссия қызметіне басшылық жасайды;

2) комиссия отырысын жүргізеді;

3) комиссия қорытындысына қол қояды.

5. Қорытынды ережелер

10. Алматы қаласы Әкімдігінің тиісті қаулы жобасын дайындау үшін комиссия қорытындысы негіз болып табылады.

Әкімдік хатшысы

2 қ о с ы м ш а

Алматы қаласы әкімдігінің
2005 жылғы "12" сәуірдегі
N 2 / 2 1 1 қаулысымен

бекітілді

**Алматы қаласының Жер комиссиясы
құрамы**

Ескерту. Комиссия құрамы өзгерді және толықтырылды - Алматы қаласы Әкімшілігінің 2005 жылғы 17 наурыздағы N 3/30, 2006 жылғы 3 қазандағы N 6/1167, 2007 жылғы 10 қаңтардағы N 1/71 және 2007 жылғы 28 ақпандағы N 2/288 қаулыларымен.

1. Заяц Яков Алматы қаласы Әкімінің бірінші
Игнатьевич орынбасары, Алматы қаласының
жер комиссиясының төрағасы
2. Есболов Тілектес Алматы қалалық
Исабайұлы Мәслихатының депутаты
3. Торғаев Бекқали Алматы қаласы
Нұрғалиұлы Жер қатынастары
басқармасының бастығы
4. Баймағамбетов Алматы қаласының Сәулет және
Сұлтан Қабиұлы қала құрылысы департаментінің
бастығы
5. Сапаров Абай Алматы қалалық аумақтық
Есболұлы жер ресурстарын басқару
басқармасының бастығы
6. Орал Қасымханұлы Алматы қалалық
Нақысбеков төтенше жағдайлар саласындағы
мемлекеттік бақылау және
қадағалау басқармасының бастығы
7. Дурумбетов Алматы қалалық мемлекеттік
Еркин Еркевич санитарлық-эпидемиологиялық

бақылау департаментінің

бастығы

8. Қоңырбаев Қайрат Мемлекеттік сәулет-құрылысын
Ақмырзаұлы бақылау департаментінің
директоры

9. Қайрат Алматы қаласының құрылыс
Заманбекұлы департаментінің директорының

Нұрқаділов орынбасары

10. Сұлтанбек Алматы қаласы табиғи ресурстар
Алмасбекұлы және табиғатты пайдалануды
Мәкежанов реттеу департаментінің
директоры

11. Әділ Жүнісұлы "Атамекен" кәсіпкерлер
Ыбраев мен жұмыс берушілердің
жалпы ұлттық одағының Алматы
қаласындағы

филиалының директоры

Ескерту: Комиссия жұмысына қажет болған жағдайда қала қызметінің мүдделі қызметтері тартылуы мүмкін.

Әкімдік хатшысы

3 қ о с ы м ш а

Алматы қаласы

2005 жылғы "12"

әкімдігінің

сәуірдегі

№ 2/211 қаулысымен бекітілді

Алматы қаласының Жер комиссиясының

қорытындысы

З а к л ю ч е н и е

Земельной комиссии города Алматы

арызына және

(АЖӘА, заңды тұлғаның атауы, уақыты, хаттың нөмірі)

Алматы қаласы әкімінің 20__ жылғы "__" _____ тапсырмасына сәйкес, _____

(объектінің нысаны) бағыты

жобалау және құрылысы үшін жер учаскені беру туралы комиссия берілген мәліметтерді қарап және жер учаскені пайдалану нысаны

бойынша қолдануға _____ деп есептейді.
(болады немесе болмайды)

Согласно заявлению _____
(ФИО, наименование юр.лица, номер письма)

и поручению акима города Алматы от "__" _____ 200__ года, о предоставлении земельного участка для проектирования и строительства

_____ (назначение объекта)

_____ комиссия рассмотрела представленный материал и считает

_____ (возможным или невозможным)

использование земельного участка по целевому назначению.

*Алматы қаласы әкімінің
бірінші орынбасары,
Алматы қаласының жер
комиссиясының төрағасы*

*Первый заместитель акима
города Алматы,
председатель Земельной комиссии*

*города Алматы
Әкімдік хатшысы
Секретарь акимата*